

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 209 (9271) | 1953 жылғы 16 октябрь Жұма | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## ДЕРЕВНЯДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС ПАРТИЯ ТАЛАПТАРЫНЫҢ ДӘРЕЖЕСІНЕ САЙ БОЛСЫН

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы партия мен совет халқы ауыл шаруашылығын оған әрі жедел өркендетудің, таудағы 2—3 жылдың ішінде елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасаудың айбынды программасымен қаруландырды.

Республикамыздың еңбекшілері, бүгін совет халқы сияқты, партия мен үкметтің тарихи қарарларын орасан зор шаттықпен және қалағаттыңандықпен қарсы алып, оларды ойдағыдай жүзеге асыру үшін, ауыл шаруашылығының барлық саласын оған әрі мықтап өркендетуді қамтамасыз ету үшін бар күшті жұмсауда.

Партия ұйымдарының кәзіргі аса маңызды міндеті СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлеріне, барлық еңбекшілерге кеңінен түсіндіру болып табылады. Әрбір колхозшы, МТС пен совхоздың әрбір жұмысшысы Пленум қарарларын терең түсініп, олардың маңызын ұғынып, сөйтіп, оларды жүзеге асыру үшін жанамай күресетіндей болуын қамтамасыз етуі қажет.

Қазақстанның партия ұйымдары СОКП Орталық Комитеті Пленумының материалдарын түсіндіру жөніндегі жұмысты жеңілісіз өрістетуде. Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері колхоздарға, МТС-терге және совхоздарға партия және совет қызметкерлері қатарынан 3 мыңнан аса баяндамашылар жіберді. 100 мыңға жуық үгітшілер, әңгімешілер және оқып берушілер селолық жерлерде түсінік жұмыстарын жүргізуде.

Амал не, бізде осы уақытқа дейін деревнядағы буқаралық-саяси жұмысты өрістетуге тиісті қамқорлық жасамайтын басшы қызметкерлер аз емес.

Талдықорған облыстық және аудандық партия комитеттерінде СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының материалдарын еңбекшілерге облыстың шаруашылық міндеттерімен тығыз байланыстыра отырып, түсіндірудің маңызы екендігі туралы аз айтылған жоқ. Бұл мәселе жөнінде облыстық партия комитеті бірнеше қарарлар қабылдады, бірақ олардың бәрі ұйымдастыру жұмысымен, істің орындалуын тексерумен нығытылып отыр-мады.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы-ның бері 1 айдан артық уақыт өткеніне

да атап өту керек. Осы уақытқа дейін көптеген отардағы уақсаткерге СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының материалдары басылған газеттер мен журналдар жеткізілген жоқ.

Облыстық және аудандық партия комитеттері аса қысқа мерзім ішінде СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын еңбекшілерге түсіндіру ісіндегі қателіктер мен кемшіліктерді жоюға міндетті. Буқаралық-саяси жұмыстың барлық мүмкіншіліктері мен формаларын кең пайдалану қажет. Үгіт-буқаралық жұмыспен халықтың барлық топтарын қамту керек. Партия активінен бір топ қызметкерлерді, тандаулы насихатшыларды, ауыл шаруашылығының мамандарын тағы да іріктеп алып, СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын жер-жерде кеңінен түсіндіру жұмысын ұйымдастыру үшін және СОКП Орталық Комитеті Пленумының директивасы негізінде белгіленген шараларды жүзеге асыруда, колхоздарға, МТС-терге, ММШС-терге және совхоздарға нақты көмек көрсету үшін оларды колхоздарға, МТС-терге ММШС-терге және совхоздарға жіберу қажет.

Кәзіргі уақытта барлық жерде колхозшылардың, МТС және совхоз жұмысшыларының жыйналыстары өтіп жатыр. Бұл жыйналыстардың талқылауына СОКП Орталық Комитеті Пленумының директиваларын жүзеге асыру жөніндегі белгіленген шаралар мен нақты ұсыныстарды елгізу қажет, мұнда әрбір колхоз пен совхоздың, әрбір МТС пен ММШС-тің өндірістік өзгешеліктері ескерілуі тиіс. Солай бола тұрса да, кейбір аудандық партия комитеттері мен еңбекшілер депутаттарының аудандық атқару комитеттері бұл шараларды кабинеттік әдіспен белгілеуде, бұл іске мамандар және колхоз, МТС, совхоз активі қатыстырылмай келеді. Мұндай шаралар ауыл шаруашылығын өркендетуісіне қажетті пайдасын тигізбейтіндігі және тигізе алмайтындығы, шындығында зиянды, бюрократтық құрғақ ойдан шығару болып табылатындығы айқын.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы партия ұйымдарын партиялық-саяси жұмысты колхоз өндірісінің шешуші уақсаткеріне жақындатуға міндеттеді. Мал фермаларының өзінде, жемішпен дайындауды, картоп, овощ өсіруді, трактор және өгіс бригадаларының — ауыл

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «1953—1955 жылдары колхоздар мен совхоздарда картоп пен овощ өндіруді және дайындауды арттыру шаралары туралы» қаулысы колхоздар мен совхоздарда картоп және овощ өгістерінің көлемін ұлғайтып, оның өнімін арттыру, сөйтіп, еңбекшілердің картоп, овощ және мал шаруашылығының картоп жөніндегі қажетін толық өтеу міндетін қойды. Бұл міндетті мүлтіксіз жүзеге асыруға бізде күш-мүмкіншілік орасан зор.

Біздің колхоздың колхозшылары картоп және овощ өгістеріне жеткілікті мән беріп, жұмыстың бұл саласында едәуір табыстарға ие болуда. Дегенмен, шаруашылықтың бұл саласында осы уақытқа дейін елеулі кемшіліктер орын алып келді. Оның бастысы—картоп және овощ өгістерін егу, баптап күту, жыйнау жұмыстарының механизацияландырылмауы. Мұны өзін бұл өгістердің көлемін ұлғайтуға және өнімділігін арттыруға керісінше әсерін тигізуде.

Картоп өгісін егуде шаршы-ұялап отырғызу әдісі шын мәнінде жүзеге асырылмайды. Сонымен қатар бұл өгістің көлемін ұлғайту жөніндегі озат колхозшылардың инициативасы дерезінде қолдау тауып, пайдаланылмайды. Осы уақытқа дейін біздің колхозда картоп және овощ өгістерін егу, жыйнау жұмыстары адам күшімен атқарылды. Соның өзінде де біз шаруашылықтың бұл саласынан мол табыс тауып келеміз. Төменде колхоздың қол жеткен табысына және алдағы міндетіне тоқталмақпын.

### МОЛ ӨНІМ АЛУДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Жыл басында болып өткен колхоздың өсіп беру-сайлау жыйналысында колхозшылар картоп және овощ өгістеріне мән берілмей келе жатқандығын атап көрсеткен болатын. Колхоз басқармасы колхозшылардың бұл сынынан нақтылы қорытынды жасап, бйыл картоп және овощ өгістерін егу ісіне жеткілікті көңіл бөлді.

Бйыл колхозда 12 гектар картоп және 10 гектар овощ өгістері егілді. Бұл үшін біз жыл басынан колхозда оғорол

## ОЗАТ КОЛХОЗДАРДЫҢ ТӘЖРИБЕСІНЕН

### Картоп пен овощ өнімдерінің молшылығын жасаймыз

★  
К. ПЕТРЕНКО.  
Полудень ауданы, Сталин атындағы  
колхоздың председатели  
★  
ЕГІСТІ БАПТАП КҮТУ ЖӘНЕ  
ЖЫЙНАУ

Огород бригадасының мүшелері көктемгі өгіс жұмыстарын аяқтасымен картоп және овощтарды баптап күтуді тыңғылықты ұйымдастырды. Бригада мүшелері картопты, сол сияқты овощтарды төрт-бес рет трам шөптерден тазартты. Картоп өгісінің әрбір түбін екі-үш рет қосытып, оның өсуіне қолайлы жағдай жасап отырды.

Бригада мүшелері, әсіресе, овощтарды күтуге көп еңбек сіңірді. Олар овощтарды арап шөптерден тазартып қана қоймай, қолдан суарып отырды. Сөйтіп, овощ өгістерінен мол өнім алудың берік негізін қалады.

Колхозшылар бітік өскен картоп және овощ өгістерін жыйнауды асқан ұйымдылықпен бастады. Олар бұл іске барлық күш-мүмкіншіліктерді пайдаланды.

Егілген 12 гектар картоптың әрбір гектарынан 170 центнерден өнім жыйналды. Егер біз картоп егуде шаршы-ұялы әдісті кеңінен қолданған болсақ, онда өнімді бұдан едәуір артық алған болар едік. Овощтардан да жақсы өнім алынды. Қыярдың әрбір гектарынан 105 центнерден, капустадан 270 центнерден, помидордан 126 центнерден өнім жыйналды. Жекелеген зверолар бұдан да зор табыстарға ие болды. Мәселен, А. Костелева жолда басқарған звероның мүшелері қыярдың әрбір гектарынан 304 центнерден өнім алып, еңбектің тамаша үлгісін көрсетті.

Картоп және овощ өгістерінен өнімнің мол алынуы колхоздың мемлекетке оғорол өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттемелерін мерзімінде, толық орындап шығуын қамтамасыз етті. Колхоз картоп және овощтар сатуды өткен жылдан едәуір ұлғайтты. Рыноктерде тек қана 370 центнер қыяра сатылды. Еңбекшілерге сатылған овощты колхозға 70 мың сомдай алғадай табыс енді. Әлі де 10 мың сомның овощтарын сатпаптыз. Бұдан басқа колхоз аудандық тұтынушылар одағына 700 центнер картоп, 200 центнер капуста, 80 центнер жарымсақ, 140 центнер

Кәзіргі заманғы техникамен қаруланған ірі социалистік ауылшаруашылық өндірісі тек күнбе-күн жете басшылық жасалғанда ғана ойдағыдай өркендей алады.

(СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысынан).

## Халықтық демократия елдерінде

### Кореяның біртұтас демократиялық Отан майданы Орталық Комитетінің мәжлісі

ПХЕНЬЯН, 14 октябрь. (СОТА). 14 октябрьде Кореяның біртұтас демократиялық Отан майданы Орталық Комитетінің мәжлісі болды.

Мәжлісте Кореяның ССРО-да болған үкмет делегацияның жұмысы туралы КХДР Министрлер кабинетінің председатели Ким Ир Сен баяндама жасады. Ким Ир Сен өзінің баяндамасында СОКП мен Совет Үкметіне Москвада Корея үкмет делегациясына жасалған және оның миссиясының ойдағыдай орындалуына себепші болған көңіл аударушылық пен қамқорлық үшін корей халқының шексіз алғысын айтты. Ким Ир Сен КХДР Үкмет делегациясы мен Совет Үкметі арасында болған келіссөздердің барысы мен нәтижелерін толық баяндады. Ким Ир Сен республикадағы соғыстан кейінгі қалпына келтіру және құрылыс жұмыстарының шұғыл міндеттеріне де тоқталды.

Ким Ир Сеннің баяндамасы бойынша мәжліс қаулы қабылдады, Совет Одағына туысқандық көмегі мен қамқорлығы үшін жалпы халықтық алғыс айтылған. Совет Одағының көмегі, делінген қаулыда, республиканың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын тез қалпына келтірудің көпші болып табылады. Совет Үкметі мен Корея үкмет делегациясының арасындағы келіссөздер корей және совет халықтары достығын оған әрі нығайту ісіне, корей мәселесін бейбітшілікпен шешу үшін күрес ісіне, сол сияқты, Қыяыр-Шығыста және бүгін дүние жүзінде бейбітшілік пен хаушпсіздікті сақтау ісіне зор үлес қосты.

### Жаңа Қытайдың әйелдері

ПЕКИН, 13 октябрь. (СОТА). Жыл сайын кәсіпорындар мен мекемелердегі басшылық жұмысқа, сол сияқты, мектептер мен жоғары оқу орындарындағы педагогикалық жұмысқа мыңдаған қытай әйелдері келеді. «Синкзунгофин» журналының хабарына қарағанда, орталық халық үкметінің министрліктерінде ғана 11 мыңнан астам әйел жұмыс істейді, бұлардың ішінде 650 әйел басшылық жұмыстарда: министрлер, департаменттердің бастықтары, басқармалар мен бөлімшелерін бастықтары.

қарамастан, Пленумының қаулысы облыстағы колхоздардың, МТС-тердің, ММШС-тердің және совхоздардың бастауыш партия ұйымдарының едәуір бөлігінде талқыланған жоқ. Көптеген бастауыш партия ұйымдарында талқылау үстірт және формальді түрде, белгілі бір колхоздың, МТС-тің, ММШС-тің және совхоздың нақтылы міндеттерімен байланыстырылмай өткізілді. Сондықтан коммунистердің СОКН Орталық Комитетінің Пленумы қойған міндеттер туралы да, оларды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы да, осы мақсатпен колхозда, МТС-те, ММШС-те және совхозда жүргізілуге тиісті нақты шаралар туралы да ешнәрсені айқын білмейтіндігі тегін емес. Ал, колхозшылар, МТС, ММШС және совхоз жұмысшылары мен мамандары арасындағы, әсіресе, бригадалардағы, фермалардағы, отарлы мал шаруашылығын ұстақторіндегі түсінік жұмысы бұдан да нашар.

Амал не, бұл фактілер бірен-саран емес. Республикадағы колхоздардың, МТС-тердің, ММШС-тердің және совхоздардың едәуір бөлігінде үгіт коллективтері жұмысты нашар істейді. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент ауданында саяси үгіт қанағаттанғысыз. Бұл ауданның көп колхоздарында СОКН Орталық Комитеті Пленумының қарарларын түсіндіру жұмысы соңғы күнге дейін жүргізілмеді. Аудандық партия комитеті колхоздар мен МТС-терге байланыстыларды уақытты жибермеді, бұқаралық түсінік жұмысын жүргізу жөнінде нақты шараларды белгілемеді, үгітшілердің семинарын өткізбеді. Ақмола облысының Еркіншілік және Қорғалжын аудандарында бұқаралық-саяси жұмыс ескеруіс қалған. Бірқатар аудандарда колхозшылардың, МТС, совхоз жұмысшылары мен мамандарының СОКН Орталық Комитеті Пленумының қаулысын талқылау жөніндегі жалпы жыйналыстары өткізілген жоқ.

ССРО Байланыс министрінің Қазақ ССР-індегі уәкілі Носков жолдасын және жергілікті байланыс органдарының отардағы мал шаруашылық ұстақторіне газеттерді, кітапшаларды және журналдарды уақыттылы жеткізіш түру ісін қамтамасыз ету жөнінде шара қолданбай, бұл маңызды іске формальдық-бюрократтық көзқарасты әлі тоқтатпай отырғандығын

шаруашылығын оған әрі өркендетудің тағдыры шешіліп жатқан жерлердің өзінде саяси үгітті күшейту керек.

СОКН Орталық Комитетінің Пленумы партия ұйымдарынан ауыл шаруашылығының барлық саласын оған әрі өркендету жолындағы социалистік жарысты кең өрістетуді талап етті.

Партия ұйымдарының міндеті деревняның барлық еңбекшілерін социалистік жарысқа қамту, оларға басшылықты жақсарту, қабылданған міндеттемелердің орындалуын әрдайым тексеріп, талқылап отыру, жарыс нәтижелерінің көпшілікке жария етіліп, бір-бірімен салыстырылып отыруын қамтамасыз ету, бұқараның инициативасы мен ынта-жігерін күшейту болып табылады.

Ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетудің шешуші шарттарының бірі озат тәжірибені қорыту және таратып отыру, агрономия ғылымының жетістіктерін өндіріске енгізіп отыру болып табылады. Партия ұйымдарының аса маңызды міндеті: кертартпалық пен енжарлыққа қарсы күрес жүргізу, озат колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың тәжірибелерін, ауыл шаруашылығының жапашылары мен агрономия ғылымының жетістіктерін кеңінен насихаттап отыру.

Селода партиялық-саяси және мәдени-бұқаралық жұмысты күшейтуде қалалық ұйымдар зор көмек көрсете алады және көрсетуге тиісті де.

СОКН Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысы республика ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің бұрын-соңды болмаған өндірістік және саяси өрлеуін турғызды. Партия ұйымдары бұл өрлеуге бас бола біліп, еңбекшілердің күш-жігерін үстіміздегі ауылшаруашылық жылын уақытылы аяқтауға, СОКН Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қойған міндеттерді ойдағыдай орындауға батылтан отыруға тиіс.

Селодағы партиялық-саяси жұмысты жаңа міндеттердің, партияның қойып отырған жаңа талаптарының дәрежесіне көтеру—республика партия ұйымдарының аса маңызды міндеті, құрметті борышы.

**«Социалистік Қазақстанның» 15 октябрьдегі басмақаласы.**

### Д. З. Мануильский жолдасы Ленин орденімен наградтау туралы

#### ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Д. З. Мануильский жолдасын туғанына 70 жыл толуымен байланысты және оның Коммунистік партия мен Совет мемлекеті алдында сіңірген еңбектері еске алынып, Дмитрий Захарович Мануильский жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль 14 октябрь, 1953 жыл.

### Е. Д. Спасова жолдасы Ленин орденімен наградтау туралы

#### ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Е. Д. Спасова жолдасын 80 жасқа толуымен байланысты және оның Коммунистік партия мен Совет мемлекеті алдында сіңірген еңбектері еске алынып, Елена Дмитриевна Спасова жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль 14 октябрь, 1953 жыл.

жұмыс адамдарымен, құрал-сайманмен және күш-көліктерімен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз еттік. Бұл бригаданың мүшелері колхоздың басқа шаруашылық жұмыстарына ауыстырылмай, тұрақтандырылды. Ал, бригада мүшелерінен жұмыстың өнімді болуы, еңбектің табысты болуы талап етілді.

Колхоз басқармасы ауыл шаруашылығы мамандарымен келісе отырып, картоп және овощ егістерін егілетін алаңды күні бұрын белгілеп алды. Демек, егістің бұл түрі көлдердің жиігіне егілуі ұйғарылды. Мұның өзі картоп пен овощтарды кезінде суарып отыруға мүмкіндік туғызды. Қыстың күндері бұл алаңдарға биіктігі біржарым-екі метр қар тоқтатылды және егіс алаңын жергілікті минералдық тыңайтқыштармен тыңайту міндеті жүзеге асырылды.

Картоп және овощ егістерінен мол өнім алудың тағы бір маңызды факторы—егіске сапалы тұқым әзірлеу болып есептеледі. Сондықтан да біз егістің барлық түрі бойынша жеткілікті түрде сортты тұқым дайындап алдық. Бұдан кейін колхозда картоп және овощ егістерін егу белгіленген мерзімде өткізілді.

## ҚЫЗЫЛША ЖҢЙНАУДАҒЫ КЕМШІЛІК

Октябрь ауданындағы «Гигант» ауылшаруашылық артелиінде мал зығындық қызылша өнімін жыйнау жұмысы ойдағыдай ұйымдастырылмай отыр. Қызылшаның пісіп жетілгеніне едәуір уақыт өтсе де, осы күнге дейін 13 гектар дақылдың 4 гектардайы ғана жыйналды. Оның бір-азын Марьевка орта мектебінің оқушылары демалыс күндері қазып берді. Колхоз председателі Олейник, сыйыр малы фермасының меңгерушісі Евдокимов жолдас-тар бұл маңызды іске мән бермей, жзау-сыздыққа салынуға. Қызылша өнімдерін жыйнауудағы кемшіліктің орын алу себе-

бінін қарастыра отырып, бұл колхоздың 40 мың сом ақшалай табыс алады. Сонымен колхоздың үстіміздегі жылы огород егістерінен тапқан табысы 120 мың сомға жеткізіледі.

Огород бригадасының мүшелеріне картоп және овощ егістерін өсіруде зор табысқа ие болғаны үшін қосымша еңбек-ақыларына 45 центнер қыяр және ондаған центнер картоп, капуста берілді. Звено бастығы А. Костелева жолдасын өзі ғана қосымша еңбекақысына 46 пұт қыяр алып отыр.

### КАРТОП ЖӘНЕ ОВОЩ ЕГІСТЕРІН ҰЛҒАЙТА БЕРЕМІЗ

Картоп және овощ егістерін егу колхозға да, колхозшыларға да пайдалы. Біз быйыл небары 29 гектар ғана картоп және овощ дақылдарын егіп, одан колхозға мыңдаған сом табыс алып отырмыз. Демек, бұл дақылдардың әрбір гектары колхозға ақшалай ғана 4.138 сом кіріс енгізді. Бұл фактінің өзі огород шаруашылығын дамыту колхоз үшін де, колхозшылар үшін де пайдалы екенін дәлелдейді.

Сондықтан да партиямыз бен үкметіміз картоп және овощ шаруашылығын өркендету ісіне жете маныз беріп, бұл істе зор табысқа ие болуды міндеттеп отыр.

Бұл колхоз басшылары жұмыс адамның аздығынан деп түсіндіргілері келеді. Бұл дұрыс емес. Жұмыс адамдары көп. Олардың кейбіреулері жұмысқа қатыстырылмай келеді. Мәселен, колхоз басшыларының, ферма меңгерушілерінің, бригадирлердің әйелдері жұмыстан қол үзіп, бірыңғай өздерінің үй шаруашылығы жұмыстарымен ғана айналысып жүр.

Қызылша—мал сүйсініп жейтін құнарлы азық. Сауын сыйырлардан мол сүт алуда оның ерекше маңызы бар. СОКН Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы-

ның қаулысында картоп, овощ дақылдарының өнімі халқымыздың, азық-түлік өндүсі өнеркәсіптің шикізат жөніндегі қажетін өтеп қана қоймай мал шаруашылығының да қажетін толық өтей алатын дәрежеде болу керек екендігі атап көрсетілген. Демек, азықтық сапасы мол дақылдардың бірі қызылша қазу ісін кешіретуге болмайды. «Гигант» ауылшаруашылық артелинің басшылары мұны естерінен шығармауға тиіс.

**П. КАЗАНОВСКИЙ.**

Журналдың хабарына қарағанда, Қытайдың тоқыма өнеркәсібінде барлық фабрика директорларының 15 проценті әйелдер, әйелдердің көпшілігі транспортта, ауыр металлургия және энергетика өнеркәсібінде басшылық қызметтерде істейді.

Ауыл шаруашылығында әйелдер уезд және аудан бастығы, селолық староста, өзара еңбек жәрдемі топтары мен ауылшаруашылық өндірістік кооперативтерінің председателдері, партия ұйымдарының секретары, халық соты және тағы сондай қызметтер атқарады.

Әйелдер Қытай Халық Республикасының мәдениеті мен халық ағарту ісін өркендетуге үлкен роль атқарады. Жоғары дәрежелі оқу орындары профессорларының, ассистенттерінің, докторларының арасында 3.348 әйел бар. Бастауыш және орта мектептердің мұғалімдері болып жұмыс істейтін әйелдердің саны бұдан да көп. Мысалы, Пекинде орта мектептер мұғалімдерінің жалпы санының ішінде әйелдер 27 процент, ал, бастауыш мектептерде—57 процент.

## Ұлы Октябрьдің құрметіне

ВАРШАВА, 14 октябрь. (СОТА). Халықтық Польша өнеркәсіп орындарынан жаңа құрылыстарынан, шахталарынан Ұлы Октябрьдің XXXVI жылдығы құрметіндегі социалистік жарыстың кең өріс алғандығы туралы хабар келіп жатыр. Көмір шығарудың үстіміздегі жылы өндірістік жоспарын көздің өзінде орындаған «Готвальд» шахтасының кеншілері Октябрь алдындағы жарысқа қосылып, жоспардан тыс жүз мың тонна көмір беруді міндеттенді. Осы сыяқты Силезия көмір бассейніндегі көптеген шахталардың кеншілері де жаңа міндеттемелер алды.

«Шедцин» металлургия заводының инженер-техниктері жылдық өндіріс жоспарын 23 ноябрьге дейін орындап, жоспардан тыс 10 мың тонна жоғары сапалы металл беруге міндеттенді.

Октябрь алдындағы социалистік жарысқа Лодзин өнеркәсіп округінің тоқыма фабрикаларының барлық коллективтері де ұштасты. Мысалы, Сталин атындағы тоқыма фабрикасы жыл аяғына дейін жоспардан тыс 500 миллион метр мата шығаруға және шығарылатын өнімнің сапасын едәуір жақсартуға міндеттенді.

Октябрь алдындағы социалистік жарыс Варшаваның, Краковтың, Грославытың және басқа қалалардың өнеркәсіптерінде де кең өріс алуда.

## ГДР-дің көрнекті ғалымдарына құрметті атақтар берілді

БЕРЛИН, 13 октябрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Герман Демократиялық Республикасының президенті Вильгельм Пик кеше немістің көрнекті үш ғалымына—профессорлар Т. Бургшқа, В. Шиллингке және В. Кенигке «Аса көрнекті халықтық ғалым» деген құрметті атақ беру туралы грамоталар тапсырды. Вильгельм Пик наградталғандарды құттықтап, сөйлеген сөзінде неміс ғылымын дамытуда бұл ғалымдардың сіңірген зор еңбектерің атап көрсетті.



Жуырда Петропавлда облыстық ауылшаруашылық көрмесі ашылады. Көрмеге облыстың колхоздары мен совхоздарынан көптеген экспонаттар әкелінуде.  
СУРЕТТЕ: Ленин ауданының «Новый путь» колхозында көрмеге қарбыздар мен капусталардың экспонаттарын іріктеу, Суретті түсірген А. Розенштейн.

# СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарларын орындау жөніндегі жұмыстар кеңінен жүргізілсін

## МТС коммунистерінің белсенділігі

Бұл күндері Петропавл МТС-нің қамтуындағы колхоздар егін ору мен мемлекетке астық тасыру жұмыстарын аяқтап, келесі жылдың егісі үшін тұқым қорын әзірлеуде. Сол сияқты, зябь, пар жырту жұмыстары да қызу жүргізіліп жатыр. Көптеген егін орылған алаңдар кәзір мақпалдай болып жыртылған қарапарға айналды.

Бітік өскен егін колхозды-деревняның байлығын молайта түсеті. Бірқатар колхоздар овошь дақылдарынан мыңдаған сом пайда тапты. Колхозшылар еңбеккүндеріне бірнеше жүздеген пұт астық және ақшалай ақы алды. Бұл колхозшылар бұқараның материалдық тұрмыс дәрежесін бұрынғыдан да жақсартта түсті.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы МТС механизаторлары арасында зор өрлеу туғызды. Пленум қаулысы ауыл шаруашылығын одан әрі өркендетудің программасын жасап берді. МТС коммунистері сентябрь Пленумының қаулысын механизаторлар мен колхозшылар бұқарасы арасында кеңінен түсіндірді. Ауыл шаруашылығындағы осы уақытқа дейін көрінбей келген резервтердің бетін ашуда. Пленум қаулысы жөнінде 6 баяндама, 36 еңгіме өткізілді. Баяндама және еңгімелерге 300-ге жуық адам қамтылды. 29 жауынгерлік листок және қабырға газеттері шығарылды.

Петропавл МТС-нің қамтуында 7 колхоз бар. Онда 13 трактор отряды жұмыс істейді. МТС қамтуындағы колхоздардың егін далаларында егін орағы күндерінде 38 комбайн, 58 трактор және басқа көптеген ауылшаруашылық машиналары жұмыс істеді.

Петропавл МТС-і облыстағы алдыңғы қатарлы МТС-тердің бірінен саналады. Ол егін орағын облыс бойынша бірінші болып аяқтады. МТС механизаторлары қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің шараларын белгілеуде.

Жақында МТС-те болып өткен партия жыйналысында коммунистер СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын талқылады.

Баяндамашы — МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Бенделов МТС-тің бірқатар істеген жұмыстарына тоқталды. Дала жұмыстарының МТС-пен колхоз арасындағы шартты көрсетілген уақытта орындалғанын айтты. Шешім

шабу науқаны кезінде МТС мыңдаған гектар жердің шөбін шауып, қамтуындағы колхоздарды мал азығымен қамтамасыз етті. Көптеген механизаторлар өздерінің социалистік міндеттемелерін асыра орындап шықты.

Социалистік Еңбек Ері Шварц тіркемелі комбайнмен 1 мың гектардың орнына, 1360 гектар егін орып, 13184 центнер астық бастырды. Сол сияқты, қос орденді комбайншы Ким де 940 гектардың орнына, 1250 гектар жердің егінін орып, 13031 центнер астық бастырды. Комбайншы Шарф жолдас Сталин атындағы колхоздың егіс даласында «Сталинец-6» комбайнмен 724 гектар егін орды. Ол мұсымдық тапсырмасын 154 процент орындап, 300 килограмға жуық жарар, жанар майларын үнемдеді. Бірақ, бұл цифрлардың көлемесінде көрінбей жүрген бірталай кемшіліктер де бар. Баяндамашы міне, енді осыған тоқталды.

—СОКП Орталық Комитетінің Пленумы, деді ол — талаудағы 2-3 жылдың ішінде мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру міндетін қойып отыр. Дұрысын айту керек, Пленум қойған бұл талаптарды орындау жолында мардымды ештеніп істей алғанымыз жоқ. МТС қамтуындағы бірқатар колхоздар мемлекетке сүт, жүн тасыру жоспарларын орындай алмады. Сыйыр малын өсірудің жылдық жоспары орындағаны жоқ. Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру төзгісіз баяу жүргізіліп келеді. Электр қуатымен сыйыр сауу және қой қырқатын машиналар маман кадрлардың жеткіліксіздігінен тиісті дәрежеде жұмысқа қосылмады.

—Пленум қаулысы, — деді баяндамашы онан әрі, — бұл кемшіліктерді жоюдың жолын деркесінде көрсетіп берді. МТС-те тұрақты механизатор кадрларының болуы Пленум қойған талаптарды ойдағыдай жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Партияның тапқыруына жауап ретінде кәзір 8 механизатор МТС-ке қайта оралды. Олардың үшеуі комбайншы, қалғаны тракторшылар. Қалмышев, Шевелев, Қожаев, Петраков қаладағы өнеркәсіп орындарынан, ал, Миллер және Вехнер жолдастар Свердлов облысынан келді. Мұнымен бірге, баяндамашы комбайн, трактор парктеріне жаппалар мен гараждар салу мәселесіне тоқталды.

Коммунистер күн тәртібіне қойыпған

мәселені талқылауға белсене қатысты. Олар МТС жұмысындағы орын алған кемшіліктерді әділ сынады.

Қос орденді комбайншы Ким жолдас өзінің жұмыс тәжірибесі жөнінде айтты. Ол МТС-те алдыңғы қатарлы механизаторлардың іс тәжірибелерінің тиісті дәрежеде насихатталмайтынына тоқталды. МТС басшылары мұндай маңызды мәселеге жете көңіл бөлмей келді. Бұдан кейін Ким жолдас тәжірибелі механизаторлар мен жас механизаторлардың кездесуін ұйымдастырып, олардың тәжірибе ауыстыруы жөнінде бағалы ұсыныстар енгізді.

Коммунист Ткаченко жолдас өзінің өзіінде механизаторларға жасап отырған қамқорлығы үшін Коммунистік партия мен Совет Үкметіне алғыс айтты. Бұдан кейін Ткаченко жолдас тамыр-жемес, картоп, қызылша және басқа мал азығындық дақылдар егісі көлемінің кеңейтілуіне жете көңіл бөлмеуі үшін колхоз председателдері мен МТС басшыларын сынады. Ол тамыр-жемес, картоп, қызылша, біржылдық және көпжылдық егіс шөп, магар, судасқа сияқты мал азығындық дақылдар егісінің көлемін мейлінше кеңейтуді ұсынды. Оның ұсынысын коммунистер бірауыздан қуаттады.

МТС-тің бас инженері Либерт жолдас механизаторлардың мағмындығын арттырып, олардың саяси білімін көтеру мәселесіне тоқталды. Енді аз уақыттан кейін, деді Либерт жолдас, механизация училищесінен МТС-ке көптеген жас кадрлар келеді. Олар теориялық жағынан білімді болғанымен тәжірибесі аз. Сондықтан оларды күнбе-күн қамқорлыққа алып, олардың жұмысты нәтижелі істеуі үшін толық жағдай туғызудымыз керек. Бұдан кейін Либерт жолдас механизаторлардың техникалық оқуын ұйымдастырудың қажеттілігіне тоқталды.

Партия жыйналысы СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын бірауыздан мақұлдап, механизаторлар арасындағы саяси-тәрбие жұмысын жақсарту жөнінде бірқатар шаралар белгіледі.

Пленум қаулысымен жігерленген МТС механизаторлары Коммунистік партияның басшылығымен социалистік міндеттемелерін орындап шығады. Сөйтіп, Пленум қойған міндеттерді орындауға МТС коллективі зор үлес қосады.



Петропавл ауылшаруашылық техникумы үйінің жанында В. И. Ленинге ескерткіш орнатылды.

СУРЕТТЕ: В. И. Ленинге орнатылған ескерткіш.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

### Еңбеккүніне 1140 пұт астық алды

Полудень ауданындағы «Прогресс» колхозының мүшелері үстіміздегі жылы бітік егін өсіріп, оны деркесінде ысырапсыз жыйнап алу жолында жанаямай еңбек етті. Колхозда егіннің әрбір гектарынан 100 пұттан өнім алынды. Колхоз астық тапсыру жөнінде мемлекетпен толық есеп айырысып, тұқым қорын толық құйды, мал азығын жеткілікті дайындап алды. Колхоз аванс ретінде колхозшылардың әрбір еңбеккүніне 5 килограмнан астық берді. Жуырда әрбір еңбеккүнге тағы да 2 килограмнан астық бөлінбек.

Алдыңғы қатарлы колхозшылар өздерінің еңбеккүндеріне 350 — 450 пұттан астық алуда. Колхоздың аға шопаны Василий Рыбалкин жолдас семья мүшелерімен бірге өткен 8 ай ішінде 2427 еңбеккүн тапты. Рыбалкин жолдасның семьясы алғашқы ретте еңбеккүнге 750 пұт астық алды. Ал, екінші рет еңбеккүн бөлгенде ол 390 пұт астық алғалы отыр.

Ж. БЕКЖАНОВ.

### Селодағы мәдениет үйлері

Еңбекшілердің күнбе-күн өсіп отырған рухани және мәдени тілегін тыңғылықты өтеу үшін Конохов ауданының колхоздарында үстіміздегі жылы жаңа клубтар салу және ескі клубтарды жөндеу жұмыстары кең көлемде жүргізілді. Кәзір «Путь Ильича», Мичурин атындағы, Құйбышев атындағы «Путь про-

## Ерікті Триест жері туралы мәселе жөнінде Совет Үкметінің АҚШ және Англия үкметтеріне НОТАСЫ

12 октябрьде ССРО Сыртқы Істер Министрлігі АҚШ-тың Москвадағы елшілігіне Ерікті Триест жері туралы мәселе жөніндегі Совет Үкметінің нотасын жолдады, оның тексті төменде жарияланып отыр.

«8 октябрьде АҚШ және Великобритания үкметтері Ерікті Триест жерінің «А» аймағын басқаруды Италия үкметіне беруді ұйғарғандығын мәлімдеді. АҚШ пен Великобритания үкметтерінің көрсетілген жерді бөлшектеу болып табылатын бұл қыймылы Ерікті Триест жерін құру жөніндегі Италиямен бітім договорының шарттарын өрескел бұзғандық болады.

Жұртқа мәлім, Италиямен бітім договорында ерікті бейтарап және демилитаризацияланған болуға тиісті, уақытша режим туралы ережеге сәйкес және Ерікті Триест жерінің тұрақты статутына, оның халқының демократиялық праволары мен негізгі бостандықтарына кепіл болатын статутқа сәйкес басқарылуға тиісті Ерікті Триест жерін құру көзделген болатын. Бітім договорына сәйкес, БҰҰ-ның Хауіпсіздік Советі Ерікті Триест жерінің губернаторын тағайындауға тиісті, мұнан кейін жердің уақытша үкметтік советі құрылуға, Құрылтай жыйналысы шақырылуға, конституция жасалуға тиіс. Сонымен бірге, бітім договоры губернатор тағайындалғаннан бастап 135 күн өткеннен кейін шетел әскерлерінің бәрі Ерікті жерден шығарылуға тиіс деп көрсетеді.

АҚШ, Великобритания, Франция, ССРО және басқа Италиямен бітім договорын жасасуға қатысқан 17 ел қабылдаған міндеттемелерге сәйкес, Құрама Штаттар, Великобритания, Франция және Совет Одағы, төрт мемлекет сыртқы Істер Министрлері Советінің 1946 жылғы 12 декабрьдегі протоколы бойынша, Италиямен бітім договорының күшіне кіруімен қатар Хауіпсіздік Советінің Ерікті Триест жеріне губернатор тағайындауын қамтамасыз етуге міндеттенген болатын.

Бірақ, бұл қаулылардың бәрі АҚШ үкметінің, сол сияқты Великобритания үкметінің Ерікті Триест жерін құру жөніндегі өздеріне алған міндеттемелерін орындамау салдарынан жүзеге асырылмай қалды.

Мұның өзі ең алдымен АҚШ және Великобритания үкметтерінің Хауіпсіздік Советінде губернатордың қызметіне ұсынылған кандидатуралардың бәрін, бұған ешқандай негіз болмауына қарамастан, қабыл алмауынан айқын көрінді. Мұнда АҚШ және Великобритания үкметтері өздерінің бір кездерде Хауіпсіздік Советінде ұсынған кандидаттарының қандайын болса да губернатор етіп

тағайындауға келісім беруден бастартты.

Сол сияқты, Құрама Штаттар мен Великобританияның өздеріне алған міндеттемелерін бұзғандығы Триестің заңсыз ағылшын-американ соғыс және соғыс-теңіз базасына айналдырылғандығынан да көрініп отыр, агрессияшыл Солтүстік-атлантика блогының соғыс жоспарларында бұл базаға маңызды роль берілуде.

АҚШ және Великобритания үкметтері өздерінің мәлімдемелерінде, жалпыға белгілі фактілерге қарамастан, істі бейнебір олардың Ерікті Триест жері жөніндегі қыймылдары «Бітім договорына қол қойған елдеріне Ерікті жер үшін договорда көрсетілген тұрақты режим жасау туралы келісімге келуге мүмкіншілік болмағандықтан» туды деп көрсетуге тырысады. Ал, шындығында АҚШ пен Великобританияның Хауіпсіздік Советінде Ерікті Триест жеріне губернатор тағайындау мәселесін талқылау кезіндегі позициясы жөніндегі фактілер Ерікті Триест жерін құру жөнінде Италиямен бітім договорының шарттарын орындауды бұзып отырған және бұзып келе жатқан АҚШ пен Великобританияның өздері екенін көрсетеді.

Совет Үкметі өзінің 1951 жылғы 17 ноябрьдегі және 1952 жылғы 24 июньдегі ноталарында АҚШ пен Великобритания үкметтерінің назарын Ерікті Триест жерін бөлшектеу бейбітшілік пен хауіпсіздікті қолдау міндеттерімен сыйыспайтындығына және Европаның бұл ауданында жаңадан шиеленістерге ғана апаратындығына аударған болатын. Сонымен бірге, бұл айтылған нәтижелерде бұл жердің бөлшектелуі оның халқының мүдделеріне қайшы келетіндігі, сөйтіп, оны Ерікті Триест жерінің тұрақты статутында белгіленген демократиялық праволармен пайдалану мүмкіншілігінен айыратындығы атап көрсетілген.

Фактілер мынаны көрсетеді: АҚШ және Великобритания үкметтерінің Италиямен бітім договорын тағы да бұзуы мемлекеттер арасындағы, ең алдымен Ерікті Триест жерімен шекаралас елдердің арасындағы егестерді сөзсіз күшейтуге әкеліп соғады және бұл ауданда бейбітшілік пен хауіпсіздікке қатер туғызды.

Осы айтылғандарға байланысты Совет Үкметі Италиямен бітім договорын өрескел бұзудың зардаптары үшін барлық жауапкершілік Құрама Штаттар мен Великобритания үкметтеріне жүктелетінін мәлімдеу қажет деп есептейді.

Осындай нота Великобритания үкметіне де жолданды.

Н. Г. Помяловский

## Колхоз өндірісінің жан-жақты өркендеуі үшін

Сталин атындағы колхоз Полудень ауданындағы ірі шаруашылықтардың бірінен саналады. Оның шаруашылығы мен мәдениеті жыл сайын өсуде. Колхоздың егіс даласында көптеген тракторлар мен комбайндар және басқа күрделі ауылшаруашылық машиналары жұмыс істейді.

онан әрі өркендеу жөніндегі зор программа ретінде қарсы алып, колхоз өндірісін ұйымдастыру жөнінде болып келген кемшіліктердің бетін батып ашты және ол кемшіліктерді жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Колхоз агротехникалық шараларды жеткіліксіз жүзеге асыру сал-

қорын жасау, қоғамдық малдың тұқымын асылдандыру мәселелеріне аударды. Пленум қаулысында, деді ол, еліміздің алдыңғы қатарлы колхоздарында әрбір сауып сыйырдан 5—6 мың литрден сүт алынып отырғаны айтылған. Озат шаруашылықтардың қатарына теңелу үшін бізде де жеткілікті

Соңғы жылдары ауылшаруашылық дақылдары егісінің көлемі және өнімі едәуір артты. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде де колхоз біраз табыстарға ие болды. Бірақ, мұның бәрі колхозшыларды және олардың авангарды — село коммунистерін тіпті де қанағаттандырмайды.

Колхозы селоньң адамдары сентябрь Пленумының қаулысын зор қуанышпен ететін, білді. Колхоз коммунистері Пленум қаулысын колхозшыларға түсіндіріп, қоғамдық шаруашылықты жаңа таласқа сай ұйымдастыру жөнінде олармен пікір алысты, колхоз өндірісінің пайдаланылмаған мүмкіншіліктерін іздестірді. Сөйтіп, колхоз коммунистері өздерінің ұсыныстары мен пікірлерін қорыту үшін партия жыйналысына келді.

Жыйналыстың күн тәртібіне СОКП Орталық Комитетінің «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын жүзеге асыру жөнінде партия ұйымының міндеттері туралы мәселе қойылды. Баяндамашы РКП аудандық комитетінің секретары Камалетдинов жолдас партиямыздың Орталық Комитеті Пленумы көрсеткен ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, колхоз құрылысын мықтап нығайту, соның негізінде таяудағы 2—3 жылдың ішінде халық үшін азық-түлік, жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасау жөніндегі міндеттерге толық тоқталды. Мұнан кейін ол колхоздың өндірісінің жайына терең талдау жасап, егіншілік пен мал шаруашылығын сентябрь Пленумы қойған талаптарға сай ұйымдастыру жөніндегі міндеттерге тоқталды.

Баяндама бойынша қызу жарысөз басталды. Коммунистер сентябрь Пленумының қаулысын ауыл шаруашылығын

дарынан ауылшаруашылық дақылдарынан жыл сайын аз өнім жыйнайды. Өткен жылы қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жоспар орындалмады. Қоғамдық малдың өнімі мүлде төмен. Мұның өзі жыл сайын мал азығының жеткіліксіз дайындалуынан және қоғамдық малға дұрыс күтім ұйымдастырылмауынан болып келеді. Малдың тел есебінен өсуі мүлдем қанағаттанғысыз.

Сонымен қабат, жыйналыс партия ұйымының ауылшаруашылық озаттарының тәжірибесін насихаттау, ішкі мүмкіншіліктерді пайдалану мәселелеріне жете назар аудармағанын атап көрсетті. Мәселен, бұрынғы бригадир Воронов жолдас бригадасында әрбір сауын сыйырдан 840 литрден ғана сүт алынса, ал, Борисов жолдасын бригадасында 1443 литрден сүт алынып отыр. Егер партия ұйымы озат бригаданың жұмысын жалпының игілігіне айналдырса, сыйырдан сүт суу жөніндегі міндеттеме анағұрлым артығымен орындалған болар еді.

Колхозшы коммунист Ворожко жолдас өзінің сөзінде Поддубень МТС-сі басшыларының әділ сынады.

—Сентябрь Пленумының қаулысы бойынша, — деді ол, — МТС-тер мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісіне зор көңіл бөлуге тиіс. Біздің колхозды қамтитын Поддубень МТС-нің басшылары мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру мәселесіне көмекті қарайды. МТС № 1 бригадалары құдықты механикаландыруға тиіс еді. Колхоз электр моторын сатып алғалы көп уақыт өтті. Бірақ, МТС құдықты механикаландыру жұмысына кіріскен жоқ.

Бригадир Борисюк жыйналысқа қатысушылардың назарын жемпөттің берік

мүмкіншіліктер бар. Бұл үшін ең алдымен жәй иепті және күнарлы мал азығын көптеп дайындаумен бірге, қоғамдық малдың тұқымын асылдандыруымыз қажет.

№ 3 егіс бригадасының бригадирі Очкалов жолдас партия ұйымының селода партиялық-саяси жұмысты жеткіліксіз ұйымдастырып келгенін айтты.

— Колхоз өндірісінің өзекті мәселелері, — деді Очкалов жолдас, — партия жыйналысының күн тәртібіне сирек қойылады. Колхозшы шаруалар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыс маусымды ұйымдастырылады. Тек осы себепті партия ұйымы колхозшы шаруалардың социалистік жарысын ұйымдастыруда елеулі кемшіліктерге жол беріп отыр. Партия ұйымы өзінің барлық жұмысын сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес құрып, колхоз өндірісінің онан әрі өркендеуіне жетісуге тиіс.

Колхоз председатели Петренко жолдас өзінің сөзінде коммунистерді ауылшаруашылық жылын үлгілі аяқтау жұмыстарында авангардтық роль атқаруға шақырды. Ол колхозшы шаруаларды мал қыстау маусымына әзірлікті үлгілі ұйымдастыру, зият жырту жоспарын толық орындау жұмыстарына белсендіре жұмылдыруды қажеттігін айтты.

Партия жыйналысы СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын бірауыздан қуаттап, қаулы алды, коммунистерді колхоз өндірісін онан әрі өркендету күресінде авангардтық роль атқаруға міндеттеді. Партия ұйымына Пленум қаулысын колхозшы шаруалар арасында кеңінен түсіндіру тапсырылды.

летариата». «Путь Ленина» колхоздарында жаңа клуб үйлерінің құрылысы аяқталуға жуық. «Красная крепость» колхозында жаңа клуб көзінде өзінде пайдалануға берілді.

Жаңа салынған клубтардың әрқайсысында 150—200 кісілік зрительдер залы, киноаппарат тұратын бөлме, оқу залы және басқа бөлмелері бар. Клубтардың ішін безендіріп, жыйнақтау үшін көзінде өзінде мебельдер, материалдар мен түрлі жабдықтар сатып алынууда.

М. АХМЕТОВ.

## Кітап қоры көбейді

Киров атындағы завод жұмысшылары кітапханасының кітап қоры үздіксіз артып келеді. Тек быйыл ғана 3,5 мың сомның саяси, көркем әдебиет және техникалық әдебиет кітаптары сатылып алынды. Көзір мұнда 6 мың данаға жуық кітап бар.

Заводтың 500-ден астам жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері өз кітапханасынан үнемі кітап алып оқып отырады. Өндіріс озаттары токарь Федосеев, диспетчер Пак, бақылаушы Антонова жолдас кітапхананың белсенді кітап оқушылары болып саналады.

Р. ХАМИТОВ.

## Оқушыларға арналған лекция

Жуырда фельдшерлік-акушерлік мектептің оқушылары үшін совет әдебиеті мен искусствосы туралы лекция оқылды. Лекцияны мектептің 4-курс оқушысы Л. Хамутова жолдас оқыды. Оқушылар лекцияны зейін қоя тыңдады.

Қ. САҚЫПОВ.

## Машина сатып алды

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» ауылшаруашылық артели мемлекетке ет тапсыру жөніндегі міндеттемесін мерзімінен бұрын орындап, мемлекетке жоспардан тыс көп ет сатты. Сөйтіп, ет сатқаны үшін мемлекеттен жүкті өзі түсіретін төрт тонналық «ЗИС—150» автомашинасын сатып алды.

## МЕРЕКЕГЕ ҚЫЗУ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Преснов ауданындағы Баян орта мектебінің оқытушылары мен оқушылары Ұлы Октябрьдің 36 жылдық мерекесіне қызу әзірленіп жатыр. Мектеп коллективі мереке күні «Гүлден дала» атты пьеса қойып көрсетуге, концерт беруге дайындалуда.

Т. ЕСЕНБАЕВ.

## СУРАҚ ЖӘНЕ ЖАУАП КЕШІ

Жуырда облыстық кітапханада саяси экономия жөнінде сұрақ және жауап кеші өткізілді. Бұл кешке 70-ге жуық адам қатысты. Қойылған сұрақтарға облыстық партия комитетінің лекторы Ромазанов жолдас жауап берді.

## (Қайтыс болғанына 90 жыл толуына)

Орыстың талантты демократ жазушысы Николай Герасимович Помяловскийдің қайтыс болғанына 90 жыл толды. Ол өзінің қысқа өміріндегі әдеби қызметке араласқан аз ғана уақыт ішінде орыстың демократияшыл әдебиетіне зор үлес қосты.

Н. Г. Помяловский 1835 жылы 11 апрельде, Петербүргте, кіші діни қызметкердің (дьяконнің) семьясында туды. Оның әкесі аудақтылығы жағынан шаруалар сословиесіне жақын болатын. Болашақ жазушы балалық шағынан қарапайым халықтың тұрмысына жақын болады. Әкесі оны діни қызметке әзірлемек болып, 1845 жылы діни училищеге береді. Оны бітірген соң 1851 жылы Помяловский діни семинарияға түседі. Сонымен, жазушы саналы өмірінің жартысынан артығын діни училище мен семинарияда өткізеді. Жазушы кейін өмірінің бұл кезеңін ешбір мақсатсыз, зая кеткен жылдар деп бағалады.

Адамның ақылын аздырып, топастандыратын діни оқудың зардабын жоғып, білімін шын мәнінде толықтыру үшін Помяловский өзінің көп оқыды, университетте лекция тыңдады. Оның зейін қоя көп оқығанын жазушылары Белинский, Герцен, Чернышевский болады.

Қырым соғысы патшалық Россияның, крепостнойлық тәртіптің іріп-шірігенін, Россияның одан әрі бұл қалпында қала алмайтынын көрсетті. Елде шаруалар қозғалысы өрістейді. Бұл күресте революцияшыл-демократиялық қозғалыстың туын көтерген «Современник» журналы аса зор роль атқарады. Чернышевский, Добролюбов, Некрасов басқарған «Современник» сол кездегі озат ойлы, алдыңғы қатарлы күштерді топтастырды, тәрбиеледі. Солардың бірі Николай Герасимович Помяловский болды. «Мен сіздің тәрбиеленушісізін, — деп жазды Н. Г. Помяловский 1862 жылы Чернышевскийге.

— Мен «Современникті» оқып, өзімнің көзқарасымды қалыптастырдым». Жазушы повесінің негізгі кейіпкері — разночинец Егер Иванович Молотовтың тағдырымен байланысып жатады. Автор разночинецті оның көзқарасын, көзқарасындағы қайшылықтарды өте жақсы білушілікпен сүреттейді. «Бурсы очерктерінде» Помяловский діни оқудың, ондағы қатал тәртіптің адамның жан сезімін аздыратынын әшкереледі.

Ал, аяқтап үлгермеген «Аға мен қа-

рындас» деген шығармасынан Н. Г. Помяловскийдің үлкен әлеуметтік роман жазатын дәрежеге жеткенін көреміз. Романның бас кейіпкері — Потесин помещиктің семьясынан шыққан. Тәртіп бұзушылыққа қатысқаны үшін университеттен шығарылады. Бірақ, оны бір туысы чиновниктік қызметке орналастырады. Ал, ол қызметке, шенге қызықпайды, қарапайым халықпен жақындауға ұмтылады, сойтіп, ақыры, өзінің шыққан ортасынан қол үзеді. Алайда, Потесин әлеуметтік құрылыстың төменгі сатысындағы адамдармен қанша жақын араласқаны, оларға қаншама қолынан келгенінше көмектескісі келсе де ісі нәтижесіз болады.

Потесин өзінің әрекеттерін олардың табысты болатынына көзі жетіп жасаған жоқ. Оған әйтеуір қалай болса да бір әрекет жасау қажет болды. Ал, ол білетін күрес жолы нәтиже бере алмайды, басқаша күрес жүргізу әдісін білмейді. Мұның өзі өлі автордың өзіне де қараңғы еді. Сондықтан Потесиннің образы осылай шыққан.

Творчествосының демократияшыл бағытына қарамастан, Помяловскийді тіпті өмірінің ақырғы жылдарында да «Современниктің» басшыларының идеялық дәрежесінде болды деп есептеуге қате болар еді. 60-шы жылдардағы революцияшыл-демократия идеясының негізгі мәселесі — шаруалар революциясының идеясына Помяловский толығынан одақтас болған жоқ. Ол шын көңілмен шаруалар жағында болды, алайда, өзі сомшама жек көрген құрылысты өзгертудің нақты жолдарын анық, дұрыс түсінбеді. Бірақ, ол өз творчествосында сол кезеңдегі қоғамдық дамудың маңызды мәселелерін қоя білген шын мәнісіндегі жалынды демократ жазушы болды. Патша өкметі жазушы қайтыс болғаннан кейін де ұзақ уақыт оның шығармаларын басуға тығым салып келді.

Помяловскийдің шығармаларын ұлы Ленин жақсы көретін және жақсы білетін. Ұлы көсем жазушының шығармаларынан өзінің еңбектерінде мысалдар да келтірді.

Совет адамдары орыстың талантты демократ жазушысы Николай Герасимович Помяловскийдің творчестволық мұрасына зор құрметпен қарайды.

Н. НИЯЗОВ.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КАРА ЛЕГИОН»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КАРДЕНАЛ РЕШЕЛЬ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренко көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.